



Magjan juldzy

6+

Мағжан Жұмабаев ауданының газеті

2008 жылдың 11 шілдесінен шығады

№ 30 (829) 25 шілде 2024 жыл

www.facebook.com/Magzhan_zhuldizi

https://vk.com/Magzhan_zhuldizi

e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

ЖҰМЫС САПАРЫ

РОМАН СКЛЯР СОЛТУСТІҚ ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДА ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ БАРЫСЫН ТЕКСЕРДІ

Солтүстік Қазақстан облысына жұмыс сапары барысында Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр жылу беру маусымына дайындық барысымен танысты.

Петропавл ЖЭО-2 жабдықтарының 57,3%-ға тозыған, СК РЭК — 96,6%-ға, жылу желілері — 77,5%-ға ескіргенін ескере отыра, облыста ауқымды жұмыстар жүргізілуде.

Петропавл ЖЭО-2-де ағымдағы жылы инвестициялық-жөндеу науқандары аясында 17,6 млрд теңгеге жұмыстарды жүргізу жоспарлануда. 2027 жылға дейін 739 шақырым электр желісі мен 240 қосалқы стансаның құрылысына жыл сайын 4 миллиард теңге бюджет қаражатын бөлу жоспарлануда. Жөндеу және жаңғырту жұмыстарына акционерлер қаражатынан барлығы 17,6 млрд теңге бөлінді.

Роман Скляр жылу беру маусымының үздіксіз өтуі үшін жұмыстардың сапалы жүргізіліп, мерзімінде аяқталуын қамтамасыз етуді тапсырды.

Петропавлда Премьер-Министрдің бірінші орынбасары 600 орындақ жайлы мектеп құрылысымен танысты. Көріз, су, электр және жылу желілерін тарту жұмыстары жүргізілуде.

Роман Скляр жұмыс сапары аясында

су тасқынынан зардап шеккендерге жаңа «Бірлік» шағын ауданында салынып жатқан үйлердің құрылыс барысын тексерді.

Бүгінгі таңда 200 тұрғын үй пайдалануға берілді. Роман Склярға 700 үйдің құрылысын 1 қазанға дейін аяқтау жоспарланып отырғаны айтылды. Жұмыс Kaspi, Қазакмыс және Kazminerals басқарушы компанияларының қаражатына жүргізілуде.

Роман Скляр сонымен қатар Петропавлдағы су тасқынынан зардап шеккен Ойқала мен Былғары кентінде жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарымен танысты. Қазір облыста 70 мехбригада жұмылдырылған. Олар 1000-нан астам үйді, оның ішінде 250 үйді мехбригадалардың күшімен жөндеуге кірісті, 890 апатты ғимарат бұзылды.

Бірінші вице-премьер құрылыс маусымының қысқа екенін ескере отырып, барлық қалпына келтіру жұмыстарын жеделдетіп, сапасын қамтамасыз етуді тапсырды.



АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАРҒА – ОҢ БАҒА



Өткен аптада облыс әкімі Фауез Нұрмұхамбетов Мағжан Жұмабаев ауданына жұмыс сапарымен барып, ең алдымен Полудино ауылында орналасқан өмірлік қиын жағдайда қалған балаларды қолдау орталығының жөндеу жұмыстарымен танысты. Бүгінде аталған мекемеде 50-ге жуық бала тәрбиеленуде.

Орталық директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Татьяна Сергееванқы сөзінше, 2018 жылы мұнда мұражай ашылған. Онда өткен тарихтан сыр шертер ақпараттар жинақталған. Өңір басшысы мекеме тәрбиеленушілерімен әңгімелесіп, балаларға сый-сияпаттар тапсырды.

Содан соң облыс әкімі Полудино ауылында орналасқан "Полудинское" тауарлы-сүт фермасының құрылыс жұмысымен де танысты. Жобаның жалпы құны — 3 млрд. теңге. Бұл жерде симменталь және голштинифриз тұқымды 707 бас ірі қара өсіріледі.

— Біз 2 млрд. теңгеден астам қаражатты игердік. Жаңа ферманың құрылысы жалғасып жатыр. Алдағы уақытта бұл нысандардан бөлек тағы да екі кешеннің құрылысын жүргізу жоспарланған. Бүгінгі таңда бізде 707 бас симменталь және голштинифриз тұқымды ірі қара мал бар. Барлығы Еуропа елдерінен жеткізілген,

— дейді серіктестік басқарушысы Заур Гасанов.

Өңір басшысы атқарылып жатқан жұмысқа оң бағасын беріп, жаңа жұмыс орындары мен мал басын өсіруді тапсырды. Содан кейін Фауез Нұрмұхамбетов Қарақоға ауылында орналасқан дәрігерлік амбулаторияның жұмысымен танысты. Бұл дәрігерлік амбулатория Президенттің ауылдарда медициналық мекемелерді салу жобасының аясында тұрғызылған. Мұндағы жергілікті тұрғындар медициналық нысан жұмысына риза екендіктерін жеткізді.

Сапар барысында Мағжан Жұмабаев ауданының әкімі Қайрат Омаров ауданның қысқы жылыту маусымына дайындығы жайлы баяндады. Жалпы ауданда 54 жылыту қазандығы жұмыс істейді. Оның 36-сы автономды, 17-сі жергілікті, ал біреуі орталық.

— Бүгінгі күні көмір қажеттілігі 39 мың

тоннаны құрайды, оның 30 пайызы дайын. Денсаулық сақтау нысандары бойынша қажеттілік 10374 тонна, оның 35 пайызы әзірленген. Ауданымызда 3 көмір сақтау орны бар. Бүгінгі таңда онда 1703 мың тонна көмір әзірленген, — деді аудан әкімі Қайрат Омаров.

Содан соң облыс басшысы Қарақоға ауылындағы күрделі жөндеуден өткен Мәдениет үйіне бар сұқты. Бұл мәдениет кешенін келесі жылы республикалық "Рухани қазына" байқауына қатыстыру жоспарда бар. Нысанда күрес, үстел теннисі залы, ауылдық кітапхана және тағы да бірқатар мәдениет және спорт орталықтары жұмыс істеп тұр. Қарақоға ауылы талантты спортшыларымен танымал. Бұл жерде талай республикалық сайыстардың жеңімпаздары мен спортшылар тәрбиеленген. Күреске ерекше көңіл бөлінуде. Бұл спорт түріне

ауыл жастары қызығушылықпен қатысады.

Облыс басшысы "Булаево Агро" серіктестігінің астық сақтау орнына барды. Бұл серіктестіктің ашылғанына 3 жыл болған. Қысқа уақыт ішінде серіктестік облыс бойынша жақсы көрсеткіштер көрсетуде.

Өңір басшысының жұмыс сапары "Ноғайбай" серіктестігінде жалғасты. Дикандар облыс әкіміне істеліп жатқан жұмыстар бойынша есеп берді.

— Былтырғы егін жинау науқанынан соң алқаптың барлығын тазаладық. 1 гектар жерге 120 көлі аммофос тыңайтқышын енгіздік. Ал көктемнің басында сұйық тыңайтқыш септік. Былтыр жылы жақсы көрсеткіштерге жетеміз деп ойлаймын, — дейді "Ноғайбай" серіктестігінің директоры Алтынбек Сапаров.

Фауез Торсанұлы аудандағы жолдарды жөндеу жұмыстарымен де танысты. Ауданда биыл жолдарды жөндеуге 6,5 млрд. теңге қаражат бөлінген. Чистов — Қарақоға жолының шекара аумағына дейінгі 13 шақырымы, Сулышоқ — Возвышенка бағытындағы 38 шақырым жол күрделі жөндеуден өтуде.

— Облыстық маңызы бар жолдар бойынша Қарақоға — Надежка, ауданилік жолдар бойынша Ұзынкөл — Возвышенка және Лебяжье ауылына кірер жолдың 12,9 шақырымы жөндеуде. Бұдан бөлек Бәйтерек, Полтавка, Надежка, Возвышенка және Жастар ауылдарында ішкі жолдарды жөндеуге қаржы бөлінген. Бұл жұмыстарға 638 млн. теңге қаражат қарастырылған және Булаев қаласының 3 көше жолын жөндеуге 297 млн. теңге қаражат бөлінген, — деді Қайрат Омаров.

Жұмыс сапарының соңында Фауез Нұрмұхамбетов Қарақоға ауылында салынып жатқан Батыр Баян шекара бөлімшесінде және Надежка ауылында салынып жатқан Келтесай шекара бөлімшесінің құрылыс жұмыстарымен танысып, мердігерлермен кездесті.

Содан кейін облыс әкімі Чистовское ауылында келіп, жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқан мәдениет үйінде, ірі қара өсіріп жатқан серіктестіктің жайылымында, «Ақбай» балаларды сауықтыру лагерінде болды.

Сапар соңында Фауез Нұрмұхамбетов Булаев қаласында орналасқан спорт кешенінің жұмысымен танысты. Бұл жерде облыстық және аудандық "Ақбай" ойындары өтеді, жабық спорт залы мен хоккей қорты орналасқан. Өңір басшысы спорттың дамуына көңіл бөледі тапсырды.

«МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ» ҰЛТТЫҚ БАЙҚАУЫ

СҚО-ДА ҮЗДІК
ОТБАСЫ
ТАҢАЛДЫ

Халқымыздың рухани байлығының бірі – отбасы құндылықтары десек қателеспейміз. Мемлекет дегеніміздің өзі сол жекелеген отбасылардың қосындысынан құралады. Елдің келешегі әр отбасында тәрбиеленіп өскен ззаматтарға байланысты. Ендеше отбасы құндылықтары ерқашан да елдің басты назарында.

23 шілде күні Петропавл қаласында «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының облыстық кезеңі болып өтті. Оған 70 отбасы қатысуға ниет білдіріп, олардың 28-і өңірлік кезеңге өтті.

Айтулы конкурсқа біздің ауданымыздың намысын қорғау үшін Тілеуовтар мен Зәкіровтар отбасылары қатысып, «Менің отбасым - менің байлығым», «Шығармашылықтың жан-жақтылығы» номинациялары бойынша Алғыс хаттар мен сертификаттарға ие болды.

Конкурстың нәтижесі бойынша 1-ші орынды Ақжар ауданынан қатысып отырған Хасеновтар отбасына бұйырса, 2-ші орынды Тимирязев ауданының атынан қатысқан Малғаровтар отбасы жеңіп алды.

Ендеше, байқауға қатысқан барша отбасыларға еліміздің болашағы - бала тәрбиесінде отбасылық құндылықтарды, ұлттық тәлім-тәрбиені дұрыс насихаттау арқылы жүзеге асырып келе жатқан отбасылар аман болып, ұл-қыздарының қызықтарына бөленіп, биік-биік белестерді бағындыра берсін демекпіз.



МУЗЫКАЛЫҚ АСПАПТЫҚ КЕШ

«ӘН - КӨҢІЛДІҢ АЖАРЫ»

*Қулақтан кіріп, бойды алар
Жақсы ән мен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсең, менше сүй, – деп ұлы
ақынның, қара қылды қақ жарған Абай
Құнанбаев әннің кереметін осындай
дәрежеде көрсетіп, жазып кеткен
болатын.*

Музыка – бізді барлық жерде қоршап тұр. Ол бар керемет магнетизм мен энергия. Ғалымдар музыка арқылы адамның интеллектуалды дамуына, сондай-ақ оның эмоционалды әл-ауқатына әсер етуге болатындығын дәлелдеді. Сондай-ақ, бізге қиындықтарды жеңуге көмектесіп, қиын сәттерде қуанышты сәттердің сұлулығын көрсетеді.

19 шілде күні аудан орталығында орналасқан «Достық» демалыс саябағында «Жан ноталары бойынша аспаптық кеш» болып өтті.

Айтулы кешке ауданымыздың сегіз қырлы, бір сырлы дарынды өнерпаздары қатысып, жиылған жұртшылыққа өз өнерлерін паш етіп,

дүйім жұртқа қуаныш сыйлады.

Айта кету керек, шара барысында тек қана концерттік бағдарлама ғана болып қоймай, әртүрлі сауда-саттық, балаларға арналған үрмелі баттута секіру сынды қызықты ойындар ұйымдастырылды.

Іс-шара барысында, нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ домбыра демекші, домбырашылар, гитарашылар, фортепианоның құлағында ойнайтын өнерпаздар, талантты әншілер қатысты.

Жалпы халық аспаптарында музыкалық орындау, ертеден бері музыкалық өнердің ерекше саласына айналды. Ол бізге көптеген тамаша музыканттарды ашты десек қате айтқанымыз болмас.

Тоқсан ауыз сөзіміздің тобықтай түйінін айтар болсам, ұйымдастырылған кеш, аудан тұрғындарының көңілінен шығып, бәрі көтеріңкі көңіл күймен, музыкадан алған әсерлерімен үйлеріне тарасты.

Қанат ӨТЕМУРАТОВ,
суреттерді түсірген автор.



СУЛЫШОҚТАҒЫ СҮЛҮ ӨМІР



Қайрат Сапарғалиұлы жетекшілік ететін шаруашылықтың "серіктестік" деген дардай аты болмаса, астық алқабының көлемі – бар-жоғы 1500 гектар. Бұдан бөлек, 100 бас сауын сиырға арналған шағын ферма бар. Яғни негізгі тіршілік көзі – диқаншылық пен мал шаруашылығы. Сулышоқтықтардың осы екі сала бойынша нәпақаларын айырып, бала-шағаларын асырауға қарым-қабілеті де, әлеуеті де толық жетеді. Әр отбасы шама-шарқына қарай қосалқы шаруашылықпен айналысады. Араларында тауық-қаз асырайтындары аз емес.

Ауылдың тұтқасы - Қайрат бауырымыздың тәуелсіздік игіліктерін шекаралық аймақ адамдары жете сезінген деген берік ұстанымда екені анық аңғарылады. Ел ортасынан шыққан оған жерлерінің тыныс-тіршілігі етене таныс. Отыз жылдық оңтайландыру кезінде жұрт жан-жаққа тарыдай шашылып, ұлттық құндылықтарымызды, мәдениетімізді мәйегі саналатын алтын бесігіміз ойсырап бара жатқан шақта ешқайда кетпей, ауылды ұстап қалу іскер азаматқа оңай соқпағаны анық. Баланың азығынан өне-міне жабылғалы тұрған мектепті ыдыратпаудың өзі – үлкен ерлікке пара-пар. Алыс-жақыннан отбасылар көшіру арқылы тұрғындардың санын көбейтіп, сөйтіп үзіліп бара жатқан үмітті ояту – айтуға ғана оңай. Басқа жақтарға көшкен отбасылардың үйлерін қолма-қол сатып алу жедел түрде ұйымдастырылды. Өйтпеген жағдайда ауылдың жұртын сипап, орны қаңырап қалар ма еді? Есесіне ауылдың шырық бұзылмай, тұрғындар қатары молықты. Сатып алынған 14 үй ел адына, тағы 19 баспана бой көтерді. Мектеп ғимаратын күрделі жөндеуге 20 млн. теңге бөлініп, шатыры ауыстырылды, пластикалық терезелер орнатылды, маңайы абаттандырылды, сынып бөлмелері жаңартылды. "Мектепке жол" акциясына барынша қолдау көрсетіліп, оқушыларға жыл сайын сыйлық беру дәстүр болып орнықты. Ыстық тамақ тегін, оқуды үздік және жақсы аяқтағандарға арнайы жүлделер тапсырылады.

Қайрат тұрғындар тарапынан өзіне қанша құрмет көрсетілсе де, көмек сұрай келгендерге бәлсіңген емес. Ауылды күлдендіруді, балақандарға бақытты балалық шақ сыйлауды игі мақсат санаған ол серіктестік есебінен бөлінген 30 млн. теңгеге бала-

бақша салуға кірісті. Мешіттің қабырғасы қалана бастады. Спорт көшенің салу ойластырылған. Өкінішке қарай, 40 млн. теңгеге кірсе, шыққысыз етіп Мәдениет үйін тұрғызғанымен, ауданның балансына әлі күнге дейін қабылданбауы түсініксіз. Сулышоққа кіре берістегі 2,5 шақырым жол қалпына келтіріліп, асфальт төселді. "Адамдар бір жылдығы үшін егін егеді, он жылдығы үшін орман өсіреді, жүз жылдығы үшін бала оқытады" деген дана сөз бар. Осы қағида Қайрат Сапарғалиұлының өмірлік мұраты іспеттес. Жас келішпен перзентті болып, бүлдіршін мектеп есігін айқара ашқанда 500000 теңге мөлшерінде бір-жолғы сыйақы беру белгіленген. Қосалқы шаруашылықты дұрыс жолға қою есебінен мал басын арттырып, сүбелі үлес қосқандар "Озат отбасы" аталымына ие болады. "Таза кешө" аталымына да сыйақы тағайындалған. Жаңадан қоныстанған ер отбасына 2 сиыр, 10 қойдан беріледі. Бұл – ЖШС директорының сансыз қайырымды амалдарының бір үзгігі ғана. Ол – өңірге қызмет етіп, ыстығына күйіп, суығына тоңып, теріскейді қазақыландыруға бел шеше кірісіп жүрген құшағы ашық, пейілі кең жоғары жан. Елдегі есті азаматтар мемлекетке ауыз ашып, қарап отыра бермей, осылай әрекет етсе, жұмыла көтерген жүктің жеңіл болары сөзсіз. Өйтпесе, жақсылығы қара басынан артылмай жүргендер жетерлік. Алаштың арысы Ахмет Байтұрсынұлы айтпақшы,

"Дегендер "Мен жақсымын" тойлап жатыр, Жақсылығы өзінен артылған. Бәрінен тыныш ұйықтап жатқандар көп, Ұмтылып, талап ойлап, талпынбаған". Отаншылдық пен ұлтқа жанашырлық сөз бен істің үйлесімділігінен анық аңғарылары анық.

Солтүстік облыстарды еңбекпен қамту саясаты жақсы идеялардың бірі екені даусыз. Ниет түзу, етпен жүзеге асу тетіктері дұрыс шешілмеген сияқты. Олай дейтініміз, теріскейге қоныс аударушы отбасыларына бір жолғы көмек беру жолға қойылғанымен, онан ары қарай не істеу керектігі төрт ойластырылған тәртізді. Жұмыспен қамту, баспаналы болу, ортаға бейімделу мәселелерінің түйінді проблемалары айналыу сондықтан. Оны айтып отырғанымыз, бір жолғы берілетін азын-аулақ жәрдемге үміт артып келген отбасының өзге әлеуметтік жағдайлары дұрыс шешілмесе, келген ізімен кері кетіп қалуы ғажап емес. Мәселен, жеке адамдар үшін егін егуге немесе мал өсіруге бос жердің жоқтығы. Солтүстіктің жері кең көрінгенімен, астық не төрт түлік өсірмесе де, алпауыттар бәрін иеленіп алған. Көшіп келгендердің мамандығы бойынша жұмысқа орналасуы да – түйткілді жайттың бірі. Араларында ірі фермерлерге жалданып болмаса базар жағалап, жан бағып жүргендері баршылық.

Солардың арасынан Нұркен Нұрсейіт секілді суырылып алға шығып, ел мүддесі жолында қызмет етіп жүрген азаматтар – қандай да мақтауға лайық. Нұркен Артықбайұлы Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Елшібек батыр елді мекенінен көшіп келген. Зайыбы Сарагүл Бейсебаева – жоғары білімді математик. Оңтүстікте дарынды балалар лицейінде оқу ісінің меңгерушісі болып қызмет еткен тәжірибелі маман. Сулышоқ ауылындағы Еңбекші қазақ ортаулау мектебіне жетекшілік етіп келген ол жуырда Успенка ауылдық округінің әкімі болып сайланды. Сайлаушылар таңдаудан қателеспегенін баса айтқымыз келеді. Нұркенбауырымыздың ақша сұрама,

жұмыс сұра және оның береkesін Алладан сұра" деп бастады. Төпсе, темір үзетін рухты жігіт бастапқыда орысы мен қазағы аралас Октябрь ауылына қоныстанған екен.

"Бір отырыста Сәуле деген апамыздың "қамшы – атты қазақтың құралы, соғыста қару, жорықта айбар. "Қамшы – құл болсаң, басында ойнайды. Ұл болсаң, қолында ойнайды", – деген намысты қайрайттын сөзін естігенімде қатты толқидым, көзіме жас келіп, көңілім алай-дүлей болды", – деді Нұркен өңгіме арасында.

"Қоянды қамыс өлтіреді, жігітті намыс өлтіреді" деген емес пе? Сол күннен бастап сенімді серік еткен азамат теріскейдегі демографиялық ахуалды реттеу ісіне жудырықтай жұмыла кірісіп, нәтижесінде 58 отбасының көшіп келуіне тікелей жәрдемдескен. Мың рет айтылған қызыл сөзден гөрі бір реткі қадам бәрінен артық деген осы!

Ол қиналып жүрген бір сәтінде Қайратпен ойда-жоқта кездесіп қалған. Әлісізге демеу, арыққа өл беретін Қайрат ағасы оны Сулышоққа шақырған. Содан бері арада 7 жыл өте шығыпты. Шаруашылық жетекшілігінді бастамашылығымен көп іс тындырылыпты. Асхат Нұсіпов пен Гүлнұр Ахаева үйелменді-сүйелменді 7 перзентінен бөлек, 10 баланы бауырына басқан. Нұркен мен Сарагүл де 4 бала асырап алып, өздерінің қосқанда 9 ұл-қыз тәрбиелеп отыр. Қазақтың жесірін қаңғытпаған, жетімін жылатпаған дәстүрі, отбасыдағы ынтымақ, бірлік, сүйіспеншілік құндылықтары осылайша Сулышоқта да ізгілік нұрын шаша бастауы – өте құпталық.

Ауылға көңіліміз толды, әсіресе, адамдарының тіршілігі, Сулышоқта да сүлу өмір бар екені бізді қайран қалдырды. Біреуге біреу қарамайтын, қым-қуыт заманда бір атаның баласындай, бір қолдың саласындай болып өмір сүріп жатқан ел тәнті етті. Тосын жаңалықтар мен қызықты оқиғаларға толы алақандай ғана ауыл өмірінің жаңаша түлеп, көлденең көз қызығарлықтай жаңғыруына үлкен үлес қосып келе жатқан Қайраттың бір ғана тілегі бар, ол – мемлекет есебінен жаңа мектеп салып, оны 11 жылдыққа айналдыру.

Нұрсайын ШӘРІП,
журналист.





Дүйсенбі, 29 шілде Сейсенбі, 30 шілде Сәрсенбі, 31 шілде Бейсенбі, 1 тамыз Жұма, 2 тамыз Сенбі, 3 тамыз Жексенбі, 4 тамыз

QAZAQSTAN QAZAQSTAN QAZAQSTAN QAZAQSTAN QAZAQSTAN QAZAQSTAN QAZAQSTAN

Table with 7 columns and multiple rows of program listings for the week of July 29 to August 4. Programs include news, entertainment, and sports segments.

Дүйсенбі, 29 шілде Сейсенбі, 30 шілде Сәрсенбі, 31 шілде Бейсенбі, 1 тамыз Жұма, 2 тамыз Сенбі, 3 тамыз Жексенбі, 4 тамыз

ХАБАР ХАБАР ХАБАР ХАБАР ХАБАР ХАБАР ХАБАР

Table with 7 columns and multiple rows of program listings for the week of July 29 to August 4. Focuses on news and current events.

Дүйсенбі, 29 шілде Сейсенбі, 30 шілде Сәрсенбі, 31 шілде Бейсенбі, 1 тамыз Жұма, 2 тамыз Сенбі, 3 тамыз Жексенбі, 4 тамыз

ЕВРАЗИЯ ЕВРАЗИЯ ЕВРАЗИЯ ЕВРАЗИЯ ЕВРАЗИЯ ЕВРАЗИЯ ЕВРАЗИЯ

Table with 7 columns and multiple rows of program listings for the week of July 29 to August 4. Includes various entertainment and lifestyle programs.

Елдің тілі бұзылуына ең алдымен оқығандары себеп болады. Бұлар жат әсерлерге бағынғыш келіп, ана тілін өзгертуге жол басшы болады.
Халел ДОСМҰХАМЕДУЛЫ.



